

Б.К.Адамбек

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңес ғылымының дамуы

Мақалада 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы жағдайындағы көп ұлтты кеңес ғылымының қарқынды дамуы және оның ерекше маңызды бағыттары нақты айқындалған. Осыған байланысты әр түрлі деректі материалдарды пайдалану арқылы кеңес ғалымдары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының әлеуеті мол, қуатты және көп салалы әскери экономиканы құрудағы әр жақты жүргізілген жұмысы дәлелді көрсетілген. Сонымен қатар одақтас республикалардағы ғылыми мекемелердің маңызды зерттеулері, майдан және тыл жұмыстарына қажетті зор үлес болғаны дәлелденді.

Кілтті сөздер: Ұлы Отан соғысы, кеңес ғалымдары, кеңес үкіметі, ғылым академиясы, ғылыми мекемелер, ғылыми-зерттеу орталықтары, ғалым-медикиер, ғалым-географтар, ғалым-конструкторлар, ғалым-инженерлер.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кеңестік ғылым орасан зор рөл атқарды. «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» деген белгілі ұран ғалымдардың, ғылыми-зерттеу орталықтарының, институттарының, ғылыми лабораториялардың, тағы да басқа мекемелердің алдына қойған басты мақсаты болды.

Соғыс басталсымен кеңес ғалымдары арнайы мәлімделерінде өздерінің барлық білімдерін және күштерін Отанды қорғауға арналатынын жариялады. Кеңес ғалымдарының осы кезеңдегі пікірін білдірген КСРО Ғылым академиясының президенті В.Комаров: «Фашизмды талқандауға қатысу— ғылым алдында тұрған ең маңызды және ұлы мақсат, сондықтан оны орындауға кеңес ғалымдарының саналы өмірі мен білімі толық арналады»,— деп ашық көрсетті [1].

Мындаған кеңес ғалымдары өздерінің патриоттығын білдіріп, қолдарына қару алып, майданға аттанды, мысалы, Ленинградтағы ғылыми мекемелердің 18-ден 50-ге дейінгі жастағы қызметкерлері халық жасақшыларының қатарына қабылдау туралы өздерінің өтініштерін білдірген [2].

1941 ж. шілде айында, неміс-фашист басқыншыларының шабуылы елдің маңызды орталықтарына қауіп төндіре бастаған кезде, Кеңес үкіметі КСРО-ға және оның ғылыми мекемелерін мемлекеттің шығыс аймақтарына эвакуациялау туралы шешім қабылдады [3]. Сонымен қатар соғыс жағдайында қызмет етуге лайықты ғалымдардың комиссиялары мен комитеттері құрылды, олар өздерінің жұмыстарын ғылымның көптеген салаларында атқара бастады.

Соғыстың бірінші күндерінен бастап әскери техника саласында жұмыс істейтін ғалымдар техниканың жаңа түрлерін шығарып, ескі түрлерін жетілдіре бастады, мысалы, авиаконструкторлар С.Ильюшин, А.Микоян, С.Лавочкин өздерінің истребительдері мен штурмовиктерін жетілдіріп, жаңа деңгейге жеткізді, ал конструкторлар В.Климов, А.Микулин, А.Швецов авиамоторларды жетілдіру жағынан көп жұмыс атқарды, соның нәтижесінде әскери ұшақтардың жылдамдылығы және соғыс қабілеті өсіп, олар шайқастарда жақсы нәтижеге жете бастады. Конструкторлар мен инженерлер соғыс қарсаңында шығарылған Т-34 және КВ танкілерін жетілдіре түсті, сонымен қатар теңіздік миналарды және кемелерді магнитсіздендіретін құралдарды шығару қолға алынды [4]. Осы кезеңде көптеген ғалымдар мартен пештерінің жұмысын жақсарту, металдың жаңа түрлерін шығару, жарылғыш заттарды шығаратын конвейерлерді жетілдіру және т.б. жұмыстармен шұғылданды. Сонымен қатар уранның ядросын бөлшектеу бағытында жұмыстар жалғасын тапты, соған

байланысты КСРО Ғылым академиясында арнайы лаборатория құрылып, мұндағы атом проблемасымен шұғылданатын ғалымдарды академик И.Курчатов басқарды [5].

Соғыс жағдайында Мемлекеттік қорғаныс комитеті ғылыми мекемелердің алдында көптеген жұмыстар белгіледі, енді олар армияны қару-жарақ және оқ-дәрімен, әскери өнеркәсіпті шикізатпен, құралдармен және жаңа технологиямен қамтамасыз етуі керек болды. Мыңдаған ғылыми орталықтар өз жұмыстарын қайта құрып, өздерінің зерттеулерін соғыс қажетіне арнайтын бағыт таңдады.

Ғылыми орталықтардың жұмысын эвакуация жағдайында ұйымдастыруға тура келді, ол жұмысты 1942 ж. мамыр айында Свердловск қаласына көшірілген КСРО Ғылым академиясының Президиумы атқарды. Елдің батыс аймағындағы және Мәскеу мен Ленинградтың ғылыми мекемелері шығысқа көшірілді, олардың ішінде физика-математикалық, химиялық және техникалық ғылыми-зерттеу институттары болды. Мысалы, университеті және көп лабораториялары бар Қазан қаласына физика-техникалық, химиялық институттар шоғырланса, геологиялық мекемелер — Оралда, биологиялық — Фрунзеде, ал гуманитарлық институттар Ташкент пен Алматыда орналасты [6; 647, 648]. Осы кезеңде Украин Ғылым академиясы Уфа және Орал өңірінің кейбір қалаларында, ал КСРО-ның Сәулет академиясы Шымкент қаласында орналасты. Шығыс аймақтарына көшірілген көптеген салалық ғылыми-зерттеу мекемелері және олардың кәсіпорындары жаңа жерлерде өздерінің жұмыстарын соғыс қажеттілігіне бағындырды. Жаңадан құрылған ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары өз жұмыстарын екі негізгі бағытта жүргізді: жаңа орталықтарына ғылыми көмек көрсету және шикізат ресурстарын әскери экономикада пайдалану. Сонымен қатар ғалымдар кәсіпорындарда жаңа продукция шығаруға, еңбектегі өнімділікті жоғарлатуға және күрделі инженерлік-техникалық шараларды іске асыруға көмек көрсетті.

1941–1942 жж. ғалымдар Уфа, Ижевск, Свердловск, Челябинск, тағы басқа қалалардың әскери кәсіпорындарына 1000 астам консультация берген. Ғылым академиясының филиалдары мен ғылыми орталықтары аталған жылы 750 консультация ұйымдастырған. Бұл консультациялар кәсіпорындарындағы кемшіліктерді жоюға, технологиялық үрдістерді жетілдіруге, әскери техниканы сапалы шығаруға көп көмек көрсетті [7; 217].

1942 ж. басында құрылған салааралық комиссиялар мен комитеттер өз жұмыстарын қарқынды жүргізе бастады. Орал, Сібір және Қазақстанның табиғи ресурстарын мобилизациялауға арналған комиссияларды атақты ғалымдар-академиктер И.П.Бардин, С.Г.Струмилин және М.А.Павлов басқаратын болды. Атақты геологтар А.Е.Ферсман, Қ.И.Сәтпаев және В.А.Обручевтың басқаруларымен Кузбастағы темір, Қазақстандағы молибден рудалары, Башқұртстандағы мұнай қорлары ғылыми түрде зерттелді [6; 649].

Осы кезеңдегі ғылыми жұмыстарды қорғаныс кәсіпорындарымен жақсы байланыстыру үшін, белгілі ғалымдар халық комиссариаттарының ғылыми-техникалық кеңестеріне енгізілді, олардың ішінде академиктер А.В.Винтер, Н.Т.Образцов, Н.Т.Грудцов, тағы басқалар болды. КСРО-ның Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының ғылыми-техникалық сараптама кеңесін 1943 жылдан бастап академик А.А.Байков басқарды [8; 127]. Бұл Кеңестің құрамына 26 адам кірді, оның ішінде академиктер И.П.Бардин, Б.Е.Веденев, В.С.Кулебякин, Е.А.Чудаков, С.С.Несметкин, В.П.Никитин, С.Г.Струмилин, Л.Д.Шевяков, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері А.А.Бочвар, С.Н.Волькович, А.В.Горшков, А.С.Ильичев, тағы басқа атақты ғалымдар болды [8; 127]. Сонымен қатар кейбір белгілі ғалымдар ірі мемлекеттік қызметтерге тағайындалды, мысалы, академик И.П.Бардин — қара металлургия халкомының орынбасары, академик А.И.Берг — электроөнеркәсіп халкомының орынбасары, академик Б.Е.Веденев электростанциялар халкомының орынбасары қызметтерін атқарды [8; 128].

КСРО-ның оңтүстік аймақтары жау қолында қалғаннан кейін, Орал өңірінің табиғи ресурстарын зерттейтін комиссияның рөлі ерекше көтерілді. Бұл комиссия елдің шығысындағы өнеркәсіп орталықтарын салуда, табиғи байлықтарды өндіруде қомақты жұмыс атқарды, аталған комиссияның жұмысына 600 астам атақты ғалымдар қатысты. Орал өңірінде көптеген мекемелер шоғырланды, солардың күшімен аймақтағы табиғи байлықтарды игеру қарқынды жүргізілді [4; 536]. Осы жұмысты атқаруда ғалымдарға Мәскеу және Орал өңірінің басшылары жан-жақты көмек көрсетті, мысалы, БКП(б) Свердловск обкомының арнайы қаулысында: «Барлық партия, кеңес және комсомол ұйымдары академик В.А.Комаровтың комиссиясына белсенді көмек көрсетіп отырсын» деп көрсетілді [4; 537]. Осындай көмектің арқасында комиссия Орал өңірінде қажетті әскери тауарларды, табиғи ресурстарды шығаруға ерекше ықпал жасады. Сонымен қатар Орал комиссиясы Кузбасс және Қазақстанның табиғи ресурстарын зерттеуге үлес қосты. 1942 ж. мамыр айында Қазақстанға

академик В.Комаров бастаған ғалымдар тобы келді, осы кезден бастап қазақ жерінің табиғи ресурстарын зерттеу жұмыстары жоғарғы деңгейде жүргізіле бастады, өйткені осы аймақ жез, мырыш, никель, марганец, молибден рудаларына өте бай еді, солармен қатар бұл жерлерде қорғаныс саласына өте керек көмір байлықтары да болды. Қысқа мерзімде Қазақстанда қара және түсті металлургия, көмір өнеркәсібін зерттейтін кеңейтілген ғылыми-зерттеу жоспары құрылды, оны жасауға орал ғалымдарымен бірге республикадағы жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің геологиялық экспедициясына 120-дан астам мамандары қатысты. 1942 жылдың 10 тамызында аталған жоспар Қазақстан халық комиссарлар кеңесінің отырысында бекітілді [9].

Қазақстанның табиғи ресурстарын мобилизациялау жұмысы 1942 ж. басталып, кейінгі уақытта өзінің жалғасын тапты, осыған байланысты Қазақстанның батыс, орталық, шығыс аймақтарында көптеген ғылыми экспедициялар жұмыс істеді, соның нәтижесінде қара металлургияның рудалық базасы, энергобалансы, көмір базасы анықталды. КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалы көптеген геологтар отрядтарын құрып, оларды республикадағы марганец рудасының мөлшерін және мүмкіншіліктерін зерттеуге жіберді. Осындай жұмыстың нәтижесінде Орталық Қазақстанда Жезді, сонымен қатар Найзатау және Қаратау марганец кеніштері табылды [10].

Осы кезеңде өнеркәсіпке өте қажет «Екінші Баку» мұнай ресурстарын зерттеуге ғалымдар ерекше үлес қосты. Арнайы құрылған экспедициялар Татарстанның, Башқұртстанның аймақтарында, Еділ және Кама бойында көптеген мұнайлы жерлерді анықтады. Сондықтан Солтүстік Кавказдағы мұнай өндірістері жау қолында қалғанда, «Екінші Баку» әскери экономиканы мұнаймен қамтамасыз етіп тұруға барлық жағдай жасады. Осы кезде мұнай басқармалары мен трестеріне, өндірістеріне, сонымен қатар мұнай зауыттарына мұнай шығаруды жоғарғы деңгейге жеткізу керек деген тапсырма берді. Аталған тапсырмаға байланысты халық комиссариаты жергілікті мамандарға көмек көрсету үшін қосымша 100 ғылыми қызметкерлерді жіберді [11].

Соғыс кезінде КСРО-ның қорғаныс мүмкіншілігін күшейту үшін әр түрлі ғылыми салалардағы атақты ғалымдар өз еңбектерімен көзге түсті, олардың ішінде математиктер П.С.Александров, С.Н.Бернштейн, И.М.Виноградов, Н.И.Мусхелишвили; физиктер А.Ф.Иоффе, Д.Н.Скобельцин, П.Л.Капица, Л.И.Мандельштам; химиктер Н.И.Зелинский, И.В.Гребенщиков, А.Н.Несмеянов, А.Е.Фаворский, Н.И.Семенов болды [12; 200].

Майдандағы жауынгерлердің өмірін сақтап қалуда медицина саласындағы ғалымдар және әскери-медициналық қызметкерлер ерекше жұмыс атқарды. Олар госпитальдардағы жаралы жауынгерлердің 70 % қайта қатарға қосып, аурулардың 90 % жазып шығарды, сонымен қатар ғалым-медикилер жүздеген жаңа медициналық препараттарды шығаруға орасан зор көмек көрсетті [12; 201]. Мысалы, академик А.В.Палладин қанды тез тоқтату, жараларды қысқа мерзімде жазуға көмектесетін витаминдердің түрлерін анықтады, ал академик Н.Д.Строжечко ауыр жаралы жауынгерлерге көмек көрсетудің жаңа тәсілдерін ойлап тапты. Медициналық ғылымның алдындағы мақсаттарды орындауда, Ғылым академия Президиумы құрған Әскери-медициналық комиссия ерекше жұмыс атқарды, оны академик Л.А.Орбели басқарды. Соғыс жылдары өздерінің еңбектерімен көзге түскен атақты медиктер: Н.Н.Бурденко, А.Н.Бакулев, А.Н.Вишневский, А.И.Абрикосов, С.С.Юдин, С.Н.Спасокукоцкий, тағы басқалар болды [12; 201].

Ғалым-географтар және жер мамандары осы кезеңде пехота, танктер, артиллерия және басқа да әскери техникалар өте алатын жерлерді анықтап, оларға сипаттама беріп отырды. Инженерлік әскерлердің тапсырмасы бойынша Л.И.Прасолов басқарған ғалымдар соғыс болып жатқан территориялардың жол-географиялық карталарын дайындап, оларды майдан шебіне жіберіп тұрды. Сонымен қатар ғалымдар КСРО-ң батыс аймақтарының әр түрлі географиялық карталарын жасап шығарды, бұл карталарды Қызыл Армияның Бас командованиясі соғыстың аяғына дейін пайдаланды.

Мемлекеттік қорғаныс комитетінің көмегімен қару-жарақ және әскери техниканы шығаратын ғалым-конструкторлар В.Г.Грабин, И.И.Иванов, М.Я.Крупчатников, Ф.Ф.Петров, Б.И.Шавырин және тағы басқа ғалымдардың еңбегін атап кеткен жөн [6; 649]. Әр түрлі винтовкалар, автоматтар және пулеметтер шығаруда конструкторлар Н.Е.Березин, С.В.Владимиров, В.А.Дегтярев, С.Г.Симонов, Ф.В.Токарев, Г.С.Шпагин, Б.Г.Шпитальный, тағы басқалардың еңбектері ерекше болды [6; 649]. Көптеген қол қаруының және артиллериялық системалардың түрлері соғыстың екінші жартысында жеткілікті болып шығарылды. Соғыстың аяқ кезіне қарай Кеңес Одағы Германиядан артиллерия және миномет шығару жағынан — 5 есе, танкіге қарсы қолданатын орудиялар жағынан 2,6 есе асып түсті [6; 650].

КСРО Ғылым академиясының қарамағында жұмыс істеген ғалымдар радиотехника саласында майдан үшін көптеген аппараттар мен құралдар шығарды, олардың сапасы өте жоғары болғанын әскери мамандар талай рет атап өткен. Сонымен қатар радиотехника саласында жүздеген теориялық еңбектер пайда болды, олардың авторларының ішінде академиктер Б.А.Введенский, А.Л.Минц, А.И.Берг, Н.Д.Папалекси және тағы басқаларды атауға болады [7; 230].

Ғалым-инженерлер соғыс жылдары көптеген жаңалықтар енгізіп металлургия, машина жасау, прибор шығару салаларында бірқатар жаңа технологиялық шешімдер тапты, жүздеген ғылыми мекемелер өнеркәсіп орталықтарына көмек көрсетті. Әсіресе ғалым-металлургтер, академиктер Н.Т.Гудцов, А.М.Терпигоров, А.А.Бочвар, В.П.Вологдин және т.б. зор еңбегін атауға болады [13; 310]. Қорғаныс саласында ғалым оптиктердің қосқан үлестері қомақты орын алды, мысалы, академик С.И.Вавилов басқарған ғалымдар тобы инженерлермен бірігіп 50 астам оптикалық приборлар шығарды [13; 310].

Осы кезеңде Мәскеудегі Түсті металдар мен алтын ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары өнеркәсіп орындарына 30 астам ұсыныстар жасап, түсті металдар алуға арналған технологиялық тәсілдерді жетілдірген. Ғылым академиясының Автоматика және телемеханика институтының ғалымдары 18 автоматикалық құралдар мен станоктарды шығарды, ал МВУ-ң инженер-ғалымдары электрикалық дәнекерлеу, су астында жаңа металл кесудің жаңа әдістерін шығарып оларды көптеген кәсіпорындарда пайдалана бастады [4; 128].

Соғыс басталсымен КСРО-ның батыс аймағында орналасқан өнеркәсіп ошақтары, ғылыми мекемелер, материалдық құндылықтар эвакуациялық жұмыстар арқылы елдің шығысында орналаса бастады. Осы үлкен жұмысқа мыңдаған ғалымдар қатысты, олар эвакуациялық поездердің ұтымды кестелерін, көшірілген кәсіпорындардың жаңа жерде орналасу және жұмысқа кіру жоспарларын, қолданатын техника мен құралдарға сипаттама беру және т.б. жұмыстармен шұғылданды. Ғалым-инженерлер 1941 ж. шілдесінде құрылған Эвакуациялық кеңестің құрамына кіріп, осы органның жұмыстарын ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осындай біріккен жұмыстың арқасында соғыстың бірінші жарты жылдығында КСРО-ның шығыс аймақтарына 1523 кәсіпорын көшірілді, олардың көпшілігі әскери мекемелер болды [14; 356]. Жалпы, эвакуациялық науқан кезінде Орал өңіріне — 667 кәсіпорын, Еділ бойына — 226, Батыс Сібірге — 244, Орта Азия мен Қазақстанға 308 кәсіпорын көшірілді [14; 356]. Сонымен қатар елдің шығыс аймақтарына 10 млн. астам адам көшірілді [15], олардың ішінде ғылыми қызметкерлер мен инженерлер аз болған жоқ. Эвакуацияға ұшыраған мекемелердің ішінде көптеген ғылыми-зерттеу институттары, лабораториялық және конструкторлық бюролар болды, олардың көпшілігі жергілікті ғылыми орталықтармен бірігіп істеп кенес ғылымының соғыс жағдайында дамуына ерекше үлес қосты. Бірқатар ғылыми мекемелер және ғылыми қызметкерлер кейінгі кезеңде жаңа қоныстанған аймақтарда қалып қойды және ондағы ғылыми-зерттеу жұмыстарға қомақты үлес қосты.

Соғыс жылдардағы барлық әскери-мобилизациялық және эвакуациялық жұмыс транспорт салаларының қызметіне тікелей байланысты болды. Бұл жағынан теміржол транспортының ерекше қызметін атап кеткен жөн. Соғыс басталсымен теміржол транспорты ғалымдар дайындаған әскери кестеге көшті, ол бойынша жолаушылар поездарының саны азайтылып, бүкіл сала тек соғыс қажетіне керек жұмыстарды атқарды [16]. Осы қиын кезеңде бұзылып істен шыққан теміржол линияларын қалпына келтіруге, жаңа теміржол магистральдарын салуда ғылыми-зерттеу институттарының, теміржол саласының оқу-орындарының үлесі зор болды. Соның нәтижесінде соғыс жылдары 9 мың км жаңа теміржол линиялары салынды, оның ішінде Свияжск-Астрахан, Ақмола-Қарталы, Омбы-Гурьев, Кизляр-Астрахан [14; 356]. Аталған кезеңде теміржолдың 116 мың км қалпына келтіріліп, 3 мыңнан астам көпірлер жөндеуден өтті [14; 356].

Донбасс жау қолында қалғаннан кейін әскери экономиканы көмірмен қамтамасыз ету басты проблемаға айналды, сондықтан көмір өнеркәсібіндегі мәселелерді шешуде жүздеген ғалымдар мен инженерлердің ерен еңбектерін атауға болады. Ғалымдардың ұсыныстары бойынша, бұл салада көптеген проблемалар шешіліп, көмір алу көлемі әлдеқайда көбейтілді, мысалы, Орал, Кузбасс және Қарағандыда жаңа шахталар іске қосылып, көмір өндіру 2,5 есе көбейді. Ал ғалымдардың ұсыныстарына сүйенген Подмосковье бассейнінің шахталары соғыстан бұрынғы көмір алу деңгейін 1,5 есеге арттырды, сонымен қатар азат етілгеннен кейін Донбасс қайтадан өз өнімдерін бере бастады [13; 301].

Соғыс басталсымен ауылшаруашылық саласы орасан зор шығынға ұшырады. Мысалы, мал саны, егін алқабы екі есе азайып, жалпы ауылшаруашылық өнім соғыстан бұрынғы деңгейдің 37 %

ғана құрады [17; 115]. Осыған байланысты КСРО басшылығы, Ғылым академияның ғылым орталықтары Сібірдің, Қазақстан және Орта Азия республикаларының ауылшаруашылығын көлемді дамытуға ерекше көңіл бөлді. Қызыл Армияны, жалпы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету күн тәртібіндегі ең маңызды мәселеге айналды. Осы кезеңде агрономиялық институттарының ғалымдары ауылшаруашылығындағы көптеген проблемаларды шешуге көмек көрсетті. Осының арқасында шығыс аймақтағы республикалардың ауыл еңбеккерлері дәнді-дақылдар мен техникалық дақылдардың егіс көлемін ұлғайтып, майдан мен тылға азық-түлікті, өнеркәсіпке шикізатты керекті мөлшерде беріп тұратын болды. Село мен ауылдың тұрғындары ғалымдардың ұсынысымен тың жерлерді игеруге кірісті, осыған байланысты егіс көлемі соғыстан бұрынғы деңгейдің 75 % құрады [17; 116]. Сонымен қатар ғалым-агрономдар зерттеп дайындаған арнайы бағдарлама бойынша елдің шығыс аймақтарында шұғыл түрде қант қызылшасын өсіру қолға алынды. КСРО-ның батыс облыстары жаудан азат етіле бастаған кезде, Қорғаныс комитетінің өкілдерімен бірігіп көптеген ғылыми-зерттеу орталықтары аталған жерлердегі ауылшаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарына қатысты.

Атап отырған кезеңде гуманитарлық ғылымдардың жағдайы өте қиын болды. Соғыс басталсымен осы салаларда жұмыс істейтін ғылыми орталықтар, құнды құжаттар мекемелерін шығыс аймақтарға ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, КСРО Ғылым академиясының тарих институты — Ташкент пен Алматыда, Мәскеу университеті — Ашхабадта, Киев және Харьков университеттері Қызылорда қалаларында орналасты [18; 119]. Кеңес тарихшылары халықтың патриоттық сезімін нығайту үшін әскери-тарихи, үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Сонымен қатар КСРО халықтарының әр тарихи кезеңдерде басқыншыларға қарсы жүргізген күресі зерттеушілердің басты тақырыбына айналды. Осы бағытта жұмыс істегендердің ішінде атақты тарихшылар Б.Д. Греков, С.В. Бахрушин, Е.В. Тарле, И.Н. Минц, В.М. Хвостов, Н.Л. Рубинштейн және тағы басқалар болды. Бірқатар еңбектер 1700–1721 жж. Солтүстік, 1756–1762 жж., 1812 ж. Отан соғыстарына, 1918–1920 жж. шетел интервенциясына арналды. Белгілі тарихи қайраткерлер Александр Невский, IV Иван, I Петр; қолбасшылар А. Суворов, М. Кутузов, Б. Хмельницкий және тағы басқалар туралы көптеген еңбектер пайда болды. 1941 ж. аяғында Ұлы Отан соғысы туралы материалдар жинайтын арнайы комиссия құрылып, оның жұмысын Ғылым академиясы басқаратын болды. Осы кездегі ірі ғылыми еңбектердің ішінде одақтас республикалардың тарихшылары бірігіп жазған көптомдық «Дипломатия тарихы» деген кітапты атау керек [18; 119]. Эвакуацияда болған атақты тарихшылар С.В. Бахрушин, С.Б. Готье және А.М. Панкратова Өзбекстан мен Қазақстанның тарихын жазуға қатысты [18; 131]. Сонымен қатар жаңа ғылыми орталықтар және басылымдар пайда болды, мысалы, 1944 ж. КСРО Ғылым академиясында Өнер тарихының институты ашылып, осы жылы «Тарих және философия» сериясы шыға бастады [18; 131]. Гуманитарлық ғылымдардың осы кездегі ерекшелігін атағанда, басты үрдісті байқауға болады, мәселен, филологтар, экономистер, философтар және заңгерлер өздерінің көптеген еңбектерін әскери-патриоттық тәрбиеге және соғыс тақырыптарына арнаған.

Шығыс аймақтағы республикалардың, әсіресе Қазақстанның соғыс жылдарындағы ғылымы қарқынды дамыды. Республика ғалымдары 1942 ж. ортасына қарай халық шаруашылық және қорғаныстық маңызы бар 150 тақырып бойынша ұсыныстар мен тұжырымдар берді. Осы жағынан геолог-ғалымдар жемісті жұмыс істеді, олар пайдалы қазбалардың 500 астам кенішін ашты және 150 кенішті зерттеді, бұлардың бір бөлігі бірден игеріле бастады [10; 348]. 1941–1945 жж. Қазақстанда 12 ғылыми институт және олардың филиалдары ашылды, ғылыми қызметкерлердің саны 152-ден 864 адамға дейін өсті [10; 348]. Мұның бәрі КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалын Қазақ КСР Ғылым академиясы етіп қайта құру үшін алғы шарт жасады, бұл заң жүзінде 1946 ж. маусымда аяқталды. Оның тұңғыш президенті белгілі геолог, академик Қ.И. Сәтпаев болды, ол Жезқазғанның қойнауын зерттеген және пайдалы кендерді іздеуді алдын ала болжау туралы ғылыми бағыт қалыптастырған болатын. Ғылымның дамуында республикалардың ынтымақтастығы елеулі рөл атқарды.

Қазақстан ғалымдарының жанында Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің және елдің басқа қалаларының 20 астам ғылыми мекемелерінің ұжымдары және академиктер И.П. Вернадский, В.А. Обручев, А.М. Панкратова, А.А. Скачинский және басқа әйгілі ғалымдар жұмыс істеді [10; 348].

Соғыс қажетіне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде Украин және Белорус Ғылым академияларының қызметкерлері елеулі үлес қосты. 1943 ж. Өзбекстан мен Арменияда республикалық ғылым академиялары ашылды, ал 1944–1946 жж. ғылым академиялары

Әзербайжанда, Латвияда және Қазақстанда пайда болды [19]. Соғыстың аяқ кезінде КСРО Ғылым академиясының құрамында Батыс-Сібір, Татар, Қырғыз, Карело-Фин филиалдары, Дағыстан, және Қиыр Шығыс базалары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, аталған кезеңде КСРО-ның педагогикалық және медициналық академиялары ашылды [20].

1944–1945 жж. кеңестік ғылыми мекемелердің соғыс кезіндегі әрекетін бағалайтын сараптама жұмыстар жүргізілді, оған атақты ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер қатысты. Осы жұмыс кезінде КСРО Ғылым академиясы, оның филиалдары, бөлімшелері ғылыми-зерттеу институттары орасан зор қызмет атқарғаны анықталды. Соғыс басталсымен мыңдаған ғылыми қызметкерлер қолдарына қару алып майданға аттанды, сөйтіп олар жауға қарсы жүргізілген әскери операцияларға қатысты. Ғалымдардың басым көпшілігі соғыс жағдайында басталған ғылыми-зерттеу жұмыстарына асқан белсенділікпен кірісті және ғылымның көптеген салаларының дамуына үлес қосты. Жер қойнауындағы байлықты игеру, әскери техника мен құралдарды шығару, эвакуацияға ұшыраған ғылыми орталықтар мен мекемелердің жұмысын жандандыру, көптеген жаңа ғылыми бағыттарды терең дәлелдеу, өнеркәсіп және ауылшаруашылықтың дамуына әржақты көмек көрсету және т.б. орасан жұмыстар кеңес ғалымдарының қатысуымен жүргізілді. Сонымен қатар соғыс жылдарындағы ғылыми жетістіктерден кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстарына жақсы негіз жасады.

Соғыс жылдарындағы қиындықтарға қарамастан, ғылыми қызметкерлерді дайындау жұмыстары жалғасын тапты, осыған байланысты ғылыми кадрлардың саны да, сапасы да өсті. Елдің барлық аймақтарында көптеген ғылыми-зерттеу орталықтары пайда болып, олар ғылымның әр түрлі салаларында жемісті қызмет атқарды. 1945 ж. КСРО Ғылым академиясының мерейтойына арналған салтанатты жиналыста оның президенті академик В.Комаров өзінің сөзінде: «Соғыс жылдары кеңес ғалымдарында бұрын болмаған ерекше творчестволық шабыт пайда болды, ол ғылымның барлық салаларында байқалды. Сондықтан біз осы атқарған жұмыстарымызды мақтан етеміз», — деп көрсетті [21]. Салтанатты жиналысқа 123 шетел ғалымдары қатысты, олардың көпшілігі өздерінің сөздерінде кеңес ғалымдарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерекше жетістіктерін атап өткені соған дәлел бола алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Правда. — 1941. — 23 қырк.
- 2 *Кольцов А.В.* Ученые Ленинграда в годы блокады (1941–1945). — М.-Л.: Наука, 1962. — С. 18.
- 3 Начальный период войны / Под ред. С.П.Иванова. — М.: Военное изд-во Министерства обороны СССР, 1974. — С. 272.
- 4 История Великой Отечественной войны Советского Союза. — 1941–1945: В 6 т. / Под ред. П.Н.Поспелова, В.А.Антонова, И.В.Баграмяна и др. — Т. 2. — М.: Военное изд-во Министерства обороны СССР, 1962. — 649 с.
- 5 Советская культура в годы Великой Отечественной войны / Под ред. Л.М.Зак, В.С.Лельчук. — М.: Наука, 1976. — С. 90.
- 6 *Зуев М.Н.* История России: Учеб. для вузов / Под ред. А.Г.Буланова. — М.: Приор, 2005. — 687 с.
- 7 *Темірбаев К.М., Украинцев В.В.* Очерки истории советской культуры. — М.: Наука, 1980. — 318 с.
- 8 *Аристов В.* Страницы славной истории. — Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1987. — 225 с.
- 9 *Рыспаев К.* История Республики Казахстан: Учеб. пособие для студентов вузов. — Алматы: Білім, 2002. — С. 305.
- 10 Қазақстан тарихы: Очерктер / Құраст.: К.С.Алдажұманов, Т.Б.Балақаев, М.К.Қозыбаев, К.Н.Нұрпейісов. — Алматы: Дәуір, 1994. — 410-б.
- 11 Новейшая Отечественная история. XX век. — Кн. 2 / Под ред. Э.М.Щагина, А.В.Лубкова. — М.: Владос, 2004. — С. 144.
- 12 *Адамбеков Б.К.* XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 201 б.
- 13 История СССР. Эпоха социализма / Под ред. С.А.Сераева. — М.: Просвещение, 1977. — 559 с.
- 14 *Берхин И.Б.* История СССР. Советский период: Учеб. пособие для вузов. — М.: Высш. шк., 1987. — 703 с.
- 15 *Верт Н.* История Советского государства / Под ред. А.П.Фоменко. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — С. 365.
- 16 Сб. документов по истории СССР для семинарских и практических занятий. — Вып. 4. Эпоха социализма (1941–1945 гг.) / Под ред. В.З.Дробижева. — М.: Высш. шк., 1981. — С. 220.
- 17 *Адамбек Б.К.* Сотрудничество народов СССР в создании военной экономики в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). Общество. Архив. История. Материалы науч.-теор. конф., проходившей на базе Государственного архива Карагандинской области / Под ред. У.А.Амантаева. — Караганда, 2010. — 425 с.
- 18 Историография истории СССР. Эпоха социализма / Под ред. И.И.Минца. — М.: Высш. шк., 1982. — 336 с.
- 19 История СССР. Эпоха социализма / Под ред. В.З.Дробижева, Ю.С.Кукушкина, М.Е.Найденова и др. — М.: Высш. шк., 1985. — С. 352.

20 Новейшая история Отечества. XX век: Учеб. для студентов вузов. — Т. 2 / Под ред. А.С.Киселева, Э.М.Щагина. — М.: Владос, 1998. — С. 223.

21 Правда. — 1945. — 17 маус.

Б.К.Адамбек

Развитие советской науки в годы Великой Отечественной войны

В статье раскрываются основные направления развития многонациональной советской науки в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.). С привлечением документальных источников показывается деятельность советских ученых и научно-исследовательских центров по созданию и развитию научного потенциала многоотраслевой военной экономики советского государства в условиях военного времени. Также раскрывается вклад научных учреждений союзных республик в разработку исследований, необходимых для фронта и работы тыла.

В.К.Adambek

Soviet science during the great patriotic war

In article are considered main trends of developments of the multinational soviet science at period of the Great domestic war (1941–1945). Activity soviet scientist appears with attraction of the varied documentary sources and research centre on creation and development of the powerful scientific potential and military economy Soviet state in condition military belt. Thereby we can observe big contributions made by scientific institutions of allied states and their importance for research preparation and forming front.

УДК 339.92(574)+(498)

Г.Б.Адишева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Сотрудничество Республики Казахстан и Румынии в рамках международных организаций ОБСЕ, НАТО, ЮНЕСКО

В статье рассмотрено сотрудничество Казахстана и Румынии в рамках таких международных организаций, как ОБСЕ, НАТО и ЮНЕСКО. Автором проанализированы основные направления совместной работы по обеспечению региональной безопасности, по предотвращению конфликтов и борьбе с новыми угрозами, а также показаны перспективы развития культурно-гуманитарных связей на международной арене.

Ключевые слова: Республика Казахстан, Восточная Европа, Румыния, сотрудничество, международные организации, председательство в ОБСЕ, ассамблеи ОБСЕ, политика, глобальная политика, региональная политика.

В начале 90-х годов для Республики Казахстан основной задачей являлась постепенная интеграция в мировое сообщество. Установление прямых связей с различными международными и региональными структурами соответствует принципу многовекторности внешней политики Казахстана и отвечает интересам укрепления его национальной безопасности. В этой связи большое значение для Казахстана имеет опыт стран Восточной Европы, которые, находясь в сходных социально-экономических условиях переходного периода, раньше вступили на путь преобразований, накопили значительный опыт в решении экономических, социальных, национальных проблем. Развитие двусторонних и многосторонних связей с этими государствами является существенным фактором укрепления позиций Казахстана на международной арене. Успешное продвижение демократических преобразований в Казахстане вызывает доверие к политике руководства страны со стороны государств Восточной Европы, включая Румынию. Между Казахстаном и Румынией сложились стабильные конструктивные отношения, основанные на принципах доверия и взаимного учета интересов.